

Сүгірбекова А.І.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Саралау тапсырмалары

5-7 сынып

№ _____

_____ *сынып оқушысы*

*қазақ тілі пәнінен
жеке оқушымен жұмыс дәптері*

2. СӨЗ ТҰЛҒАСЫ

1. Мәтіндегі сөздерден қосымшаларды тап, оларды жұрнақтың түріне қарай ажыратып, сөз таптарына қарай талда.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауыс көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. (Ж.Аймауытов)

2. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, туынды сөзді түсіндір.

Бақа көлін... патша,
Балық суын... патша,
Жігіт елін... патша.

3. «Гүлденген Астана» деген тақырыпқа мәтін құрап, оны тұлғасына қарай талда.

Бал тамған тілден у да тамар.

3. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

1. Көп нүктенің орнына тиісті күрделі сөзді қойып, қалай жасалғанын түсіндір, біріккен сөздердің астын сыз.

Жеткенше соныменен Көкшетауға,
Ала алмай ... сұрап сауға,
Қалың қол Бурабайдың сағасына
Кеп қонды, бітім қылмақ, талас дауға.
Түбектей айнала тау - берік қорған,
Қаптаған тау мен тасты ... орман,
Бурабай жағасында Оқжетпес шың,
Жағалай сол жерге әкеп әскер қонған.

(С. Сейфуллин)

2. Мәтіндегі негізгі және туынды түбірден жасалған сөздерді тауып, қосымшаларын түрлеріне қарай талда.

Қазақ жұтқа, ашаршылыққа ұшырады. Оның ауыртпалығы, өлімі, шығыны, қайғысы, зардабы қандайлық болды?

Төңкерістің жақсы жақтары, еңбекшілер қожалығы, сот, оқу, мектеп, әйел теңдігі, жер алу, кедей баласы оқуға ұмтылу, жұмысшылар, ортақшылдар, жастар ұйымдары, жетімханалар олардың ісі, міне, осыларды келістіріп суреттеген жазушылар бар ма? (Ж.Аймауытов).

3. «Туған жер» тақырыбына өлең шығарып көр.

Малға кедей – жарлы, Тілге кедей – сорлы.

6. БІРІККЕН СӨЗДЕР

1. Сөйлемнен біріккен сөзді тауып, дара сөздердің түбірін, қосымшаларын ажырат.

- Өне, анау тұрған Арпабай, Есбике мына Қамбардың әке-шешесі. Кәмешім мен Құсбегім менің балам!

Баяғыда Қондыбай деген байдың қонысы екен. (М.Әуезов)

2. Өлеңнен біріккен сөздердің астын сызып, аталған тұлғалар туралы білетініңді жаз.

Әйтеке мен Төле, Қазыбек бастаған,
Қабанбай мен Бөгенбайлар қостаған.
Ордабасы тауында үлкен жиын боп,
Жоңғарларға қарсы ұран тастаған.

Бастарына «темір қазық жастаған»,
Қалың жаудан қорқып әсте саспаған.
Сырым менен Амангелді, Жанқожа,
Кенесары көтеріліс бастаған.

(А.Имантаев)

3. Төмендегі мақал-мәтелдерге өз пікіріңді білдір.

- а) Алтын көрсе періште жолдан таяды.
- ә) Атың шықпаса, жер өрте.
- б) Байдан үмітсіз - құдайдан үмітсіз.
- в) Өзіңде жоқ болса, әкең де жат.

Ашуың келсе — қолың тарт, Айтпас жерде — тілің тарт.

7. ҚОС СӨЗДЕР

1. Антоним болатын қос сөздерді теріп жаз, түрлеріне қарай ажыратып, оларға сөйлем құра.

Ағыл-тегіл, сай-сала, әке-шеше, бала-шаға, кәрі-жас, абысын-ажын, қыз-бозбала, іші-сырты, тап-таза, ащы-тұщы, қап-қара, жуан-жіңішке.

2. Әңгімені ары қарай өзіңше жалғастыр, ішінде қос сөздер болсын.

Маңдай тер

Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.

- Ата, «маңдай тер» деген не? - деп сұрады бірде Хамит.

(Б.Досымов)

3. Ішінде қос сөздері бар жаңылтпаш шығарып көр.

Жақсы байқап сөйлер, Жаман шайқап сөйлер.

8. ҚОС СӨЗДЕР

1. Сөйлемнен қос сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажырат.

- Жылқысы егіннен шықпай тұрып, қазір ғана жүген-ноқта, арқан-баумен барындар да, таңдап-таңдап жүріп тура отыз құр атын ұстап әкеліндер.

(М. Әуезов)

2. Бір-біріне синоним болатын қос сөздер жаз.

Үлгі: Тұс-тұсынан - жан-жағынан, тап-тапал - ап-аласа

3. Қос сөздерді қатыстырып «Алматының алмасы» атты тақырыпқа ойтолғау жаз.

Әділ сөздің зілі жоқ, Көп көзінен өткен істің міні жоқ.

9. ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ ТІРКЕСТІ СӨЗДЕР

1. Төмендегі қысқарған сөздерге сөйлем құра.

10 мм, 2 кг, 20 га, 10 т.

2. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

а) Қазақстанда қандай жоғары оқу орындары бар?

ә) Қысқартып жазуға болатын қандай мемлекеттерді білесің?

б) Қысқартылып жазылатын техника түрлерін ата.

3. «Есіл жағасындағы қала» деген тақырыпқа тіркесті, қысқарған сөздерді кірістіріп шығарма жаз.

Алажағым кетсе де, Айташағым кетпесін.

12. ЗАТ ЕСІМ

1. Мәтінді ары қарай ғалым болып жауап беріп, өз ойыңша жалғастыр. Ішіндегі жалпы есімдерді тап.

Балалар мен ғалым

Екі бала келе жатып бір кітап тауып алыпты. Бірінші бала:

- Бұл кітап менікі, неге десең, мен сенен бұрын көрдім, - дейді. Екінші бала:

- Жоқ, бұл кітап менікі, неге десең, мен сенен бұрын жерден көтеріп алдым, - дейді. Екі баланың таласының үстінен шыққан ғалым оларға:

(С.Көбеев)

2. Мақал-мәтелдердің жалғасын жазып, ішіндегі зат есімдерді тап және оларды жасалу жолына қарай талда.

а) Ақыл азбайды,

.....

ә) Тіл тас жарады,

.....

б) Көп іздеген адам

.....

3. «Менің қалам» деген тақырыпта шығарма жаз

Найзалассаң, найзалас, Тіл найзаңмен түйреме. Тіл найзаңа түйреп ап, Олай-бұлай сүйреме.

13. ЗАТ ЕСІМ

1. Мақал-мәтел жазып, мағынасын түсіндір. Ішінен зат есімді тап.

2. Мәтіннен негізгі, туынды, күрделі зат есімдерді теріп жаз.

Бекболат ауыз үйге кіргенде төргі үйдегі «төрелер» қызу-қызу айтысып жатыр еді. Бір мезетте Бекболаттың құлағы «Матайдың Әбені», «Мұқаш» деген сөздерді шалып қалды. Мұқаш - кәдімгі Ақбілекті шығарып беретін Мұқаш. (Ж.Аймауытов)

3. «Атамекен» деген тақырыпта шағын шығарма жаз. Мақал-мәтелмен өрнекте. Ішінен зат есімдерді тап.

Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл

14. СЫН ЕСІМ

1. Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып жаз.

Таулы, орманды, ақшыл, үлкен, баласы, көкшіл, қысқа, әзілқой, сулы, майлы, боз, ащы, төзімді, қайратты.

Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім

2. Мөңке би Сырымға үш сұрақ қойыпты, Сырым болып жауап бер және ішіндегі сын есімдерді тап.

- Таудан биік не бар?
- Судан терең не бар?
- Оттан өткір не бар?

3. «Менің сүйікті кейіпкерім» деген тақырыпқа шығарма (оқыған әдеби кітабың бойынша) жаз.

Керінің сөзін қапқа сал, Өлгеніңше ырзығың таусылмайды.

15.СЫН ЕСІМ

1.Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, мән-мағынасын айт, ішіндегі қатыстық, сапалық сын есімді тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

- | | |
|--|--|
| а) Ұлтарак... жер болса да,
Ата қоныс жер қымбат.
Ат төбелін... болса да,
Туып өскен ел қымбат. | Кұлыны тай... көрінер, |
| ә) Туған жердің торғайы,
Тұрымтай... көрінер. | б) Құртақан торғай да,
Өз ұясын қорғайды. |
| | в) Туған жердің күні де ыстық,
Түні де ыстық. |

2.Төмендегі сын есімдердің синонимін жаз. Оларды жасау жолына, мағынасына қарай талда.

Ақылды, келбетті, еріншек, аласа, қайратты, салмақты, мейірімді, жағымпаз.

3.Қазыбек жас кезінде қасына біраз жолдас ертіп, Төле биге сәлем бере барады.

Әңгіменің бір кезегінде аға биден:

- Алысыңыз қандай? - деп сұрайды.
- Алысым жақын болды, - деп жауап береді Төле.
- Тәттіңіз қандай болды?
- Тәттім шырын болды.
- Несиеніз қандай?
- Несием, шүкір, өніп жатыр.

Бұл әңгіменің мәнісін Қазыбектің қасына еріп барған жолдастары да, келгенде олардан естіген өз әкесі де түсінбейді.

Шешуін Қазыбектің өзі таратып айтып береді:

Тапсырма: Қазыбектің орнына жұмбақтың шешуін айт. Өзің осындай жұмбақ шығар.

Тебіренер сөз темір қақпаны да ашады.

16. САН ЕСІМ

1. Сан есімнің 6 түрлі мағыналық тобына мысалдар жаз.

2. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қой. Оларды құрамына қарай ажырат. Мағыналарын түсіндір.

а)тәуекел бұзады.

..... қайғының қаласын.

..... жылы сөз бітірер

..... көңілдің жарасын.

ә) Жігітке өнер де аз.

б) Елгезек екі айтқызбайды.

в) ... жұрттың тілін біл, түрлі білім біл.

3. «Ұлық болсаң кішік бол» деген тақырыпқа өз пікіріңді жаз.

Жақсы сөз тасты жібітер, Жаман сөз басты шірітер.

18. ЕСІМДІК

1. Мақал-мәтелдердегі көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қой және мақал-мәтелдің мәнін аш.

- а) Ел-елдің жақсы,
Өз елің бәрінен жақсы.
ә) Адам болар жігіттің.
Жары лайық.
Керуен бастар жігіттің,

- Нары лайық.
Жаман болар жігіттің,
..... жұмысқа қыры жоқ.
б) Атаңа не қылсаң,
Алдынакелер.

2. Жұмбақтағы есімдікті тап, ішінде есімдігі бар жаңылтпаш құрастырып жаз.

Біз, біз, біз едік,
Біз бір байдың қызы едік,
Бір қасықтан су ішкен,
Жүз жиырмадай қыз едік. (М.Мақатаев)

3. «Жеті атаңды білесің бе?» деген тақырыпта есімдіктің жеті түріне мысал келтіре отырып, өз пікіріңді жаз.

Бидай наның болмаса, Бидай сөзің жоқ па еді?

19. ЕСІМДІК

1.Өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық есімдігін жаз. Өлеңдегі көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қойып, есімдіктің қай түрі екенін ажырат.

Жақсыға де жаттығы жоқ,
Көреді де баласындай.
Жамандар өсек-аяң айтып жүрер,
..... білмесе де қылмысын-ай. (С.Аронұлы)

2.Жұмбақтағы есімдікті тап, жұмбақты шеш, есімдікті қатыстырып, жұмбақ шығарып көр.

Бір тауды мекен еткен отыз бөрі,
Он кісі отызының жұмыскері.

Сол таудың ортасында бағылан
қозы,
Масайрап секіреді әрі-бері.

3.«Менің сүйікті әншім» деген тақырыпқа есімдіктерді қатыстыра отырып өз пікіріңді білдір.

Адамның ақылы қысқарса, Аузындағы сөзі ұзара береді.

20. ЕТІСТІК

1. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, етістікті жасау жолына қарай талда және мақал-мәтелдің мән-мағынасын түсіндір.

- а) Бармын деп,
Жоқпын деп
- ә) Жерді теппе,
Елді
- б) Аталы сөзге,
Арсыз жауап

2. Төмендегі етістіктерге синонимдер жаз.

Келді, әлсіреді, арашалау, ақылдасты, шегеру.

3. Оқыған әдеби шығармаң бойынша, ұнатқан кейіпкеріңе мінездеме жаз.

21.ЕТІСТІК

1.Төмендегі сөз таптарынан етістік жаса және осы сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін жаса.

Көк, гүл, су, тас, таза, тал, ес, жас.

2.Жұмбақтың шешімін тап, ішіндегі етістіктерді құрамына қарай талда және жұмбақ шығарып көр.

Үш қазық, екі желі, тоғыз ноқта,
Теңселіп тербеледі, адам соқса.
Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен,
Не пайда, үндемейді адам жоқта.

3.Төмендегі мәтіннен етістіктерді тап, мәтін қандай шығармадан алынғанын және шығарма, оның авторы туралы жаз.

Қонақтар қымыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде Ұлжан Барласқа қарап, бір сөз айтатындай пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

- Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар, - деді.

Тіл үйірер сөз болса, Тыңдаушы құлақ кез болар

23. ETIC

1.Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой. Етістіктерді тауып, олардан етістіктің төрт түріне де мысал келтір.

- a) Жақсы аузынан гүл төгіледі,
Жаман сөйлесе, аузынан жын.....
- ә) Білім іздеген, бүлік өшер.
- б) Айнаға үйір бойын,
Халыққа ойын түзейді.

2.Өлеңді ары қарай жалғастырып, ішіндегі етістіктерді тауып, түбір мен қосымшаларын ажыратып жаз.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, қалан.

3.«Мектеп - кеме, білім — теңіз» деген тақырыпта етіс түрлерін қатыстыра отырып, шағын шығарма жаз.

Атағыңды өсіретін де, өшіретін де – тіл.

24. ЕСІМШЕ

1. Мақал-мәтелден есімшелерді тап. Ішінде есімшесі бар мақал-мәтел жаз.

Ерді намыс өлтірер,
Қоянды қамыс өлтірер.
Ес күйінгенде, күйінген батыр,

Ел сүйінгенде, сүйінген батыр.
Ерегісте мыңға татыр.

2. Жаңылтпаштан есімшені тап. Ішінде есімшесі бар жаңылтпаш құрап көр.

Ит үрер,
Үрейлілер үрейленер.
Үрмесе де,

Үрейлілер үрейленер.

3. Өлеңді түсініп оқы. Мазмұны бойынша шығарма жаз.

Сен құрметте оны!
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.

Денесін оқ паршаласа да,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол,
Азаттық жолында аяғын!
(Ә.Сәрсенбаев)

Әрбір халық өзінің ана тілінде ғана бақытты.

25. ЕСІМШЕ

1.Өлеңнің жалғасын жаз және ішіндегі есімшелердің жасалу жолдарын түсіндір.

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

2.Тіл туралы мақал-мәтелдер жазып, оның мәнін түсіндір және есімшелерді тап.

3. «Ел іші - алтын бесік» деген тақырыпта ойтолғау жаз.

26. КӨСЕМШЕ

1.Төмендегі өлеңді қандай өлең деп атайды? Осындай өлең туралы ертегіні айтып бер.

Қыран ұстап күнде мен,
Құлағына ен салдым.
Күш сынастым бүргемен,
Содан бері дел-салмын.
Шегірткенің қымызын,
Сүтін іштім тауықтың.
Мұзда жатып күн ұзын,
Әрең-әрең сауықтым.

(Ә.Байбақов)

2.Тіл туралы қанатты сөздер жаз және көсемшелерін тауып, жұрнақтарын дефис арқылы бөл.

3.«Жырлайын алты алаштың Абылайын» деген тақырыпта шағын шығарма жаз.

Жер астында жатқанды,Қазбай, қарап тіл табар.

30. ҮСТЕУ

31 Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті үстеулерді қойып, мағынасына, құрамына қарай талда.

Адам деген қиындыққа төзеді деп кім ойлаған. Вагон ішіндегі адамның көптігі бөшкеге толтырып салған балықтай екен. (С.Мұқанов)

Әр жерден сөздер, ат айдаған дыбыстар естіледі. Жаңбыр ашыла бастады. (С.Сейфуллин)

2. Ішінде үстеуі бар жаңылтпаш шығарып көр.

3. Қазақтың билері айтқан бір шешендік сөзін әңгімелеп бер. Ішінен үстеулерді тап.

Көп сөз – күміс, Аз сөз – алтын.

31. ЕЛІКТЕУ СӨЗ

1.Төмендегі еліктеу сөздерді мағынасына, құрамына, тұлғасына қарай талда және сөйлемдер құра.

Шарт-шұрт, сатыр-сұтыр, жылт-жылт, бұлғаң-бұлғаң, балпаң-балпаң, сақ-сақ, кілт, шаңқ, тарс, серең, бүгжең-бүгжең.

2.Мәтін қай шығармадан алынған? Еліктеуіш сөзді бір бөлек, бейнелеуіш сөзді бір бөлек теріп жаз және шығармадағы кейіпкер туралы өз пікіріңді білдір.

Құдықтың аузындағы жігіттер шыңыраудың түбіне бір тал шаштай боп, сымша тартылып, созыла түскен жіп-жіңішке қыл арқанның ұшына жармасып тырбаң-тырбаң етеді.

Сыз қабырғаны дүңк-дүңк ұра бастады. Кенет тасқа тиіп, шық ете түсті. Еңсеп өтірік пе, шын ба дегендей, аңтарылып тұрып қалды. Сосын жаңағы сүйменіне қатты тиген жерді бойлап қаза түсті. Әлгі күрт-күрт дыбыс жоғалды. Сүйменнің тиген жері - шақ-шұқ тас.

(Ә.Кекілбай)

3.Еңбек туралы мақал-мәтелдер жазып, олардың мән-мағынасы бойынша ойтолғау жаз.

Ақпа құлаққа айтқан сөз ағып кетеді. Құйма құлаққа айтқан сөзді құйып алады.

32. ОДАҒАЙ

1.Көп нүктенің орнына тиісті одағайларды қойып, қай түрі екенін ажырат.

... - ай десеңші, батырдың баяғы жирен оязды сайлау үстінде, шарай топтың көзінше, қақ басқа қамшымен салған жасынды, жас шағы болса ... - деп, Тұрлығожа шалдар арманын барынша ұққандай болды.

- ..., не ғып отырсыңдар, солдат айналаны қамап алды! -деді.

Ұзақ кесесін төңкере салып:

-..., қап,-деді.

2.Одағайларға байланысты жаңылтпаш немесе жұмбақ шығар.

3.Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

а)Абылай ханның тұсында өмір сүрген батырлар туралы айт және олар кімдермен соғысты.

ә)Төле би қатынасқан заңның атын не деп атайды?

Қатты айтсаң,Қарындасыңа жақпайсың. Ақырын айтсаң, Ақың кетеді.

33. КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР. КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР

1. Мақалдан негізгі, көмекші етістікті тауып, мән-мағынасын түсіндір.

Ақылсыз адам айқайлай келеді, Жан-жағын жайпай келеді. Ақылды адам жай келеді, Жан-жағын байқай келеді.

2. Мәтіннен көмекші есім мен көмекші етістікті тауып, олардың зат есімнен, негізгі етістіктен қандай айырмашылығы барын түсіндір.

Қарабас пен Абай үйге кіргенде, Сүйіндік пен бәйбішесі биік төсекке жатып қалған екен. Қарабас Абайға бұл жиынның алыс ел емес, осы маңның өз адамдары екенін айтты. Абай сәлем беріп кіргенде, кең үйдің іші лық толған кісі екен. Үй іші жым-жырт. От әлі маздап жанып жатыр. Үлкен қазанның астын қызыл жалын дамыл алмай жалап тұр. (М. Әуезов)

3. Төмендегі шешендік сөздерді сөз таптарына қарай талдап, мазмұнына байланысты пікіріңді жаз.

Тау белгісі тас болар,
Бай белгісі ас болар.
Азған елдің белгісі,
Бұралқысы бас болар.

Қас жақсының белгісі –
Әрі мырза, әрі құл.
Қас жаманның белгісі –
Өз үйінде өзі пұл.

(«Шешендік сөздер»)

Ойнап сөйлесең де, Ойлап сөйле.

34. ШЫЛАУ

1. Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, қай түрі екенін ажырат.

Бүгін..... таңертеңгі шайдан Абай әке қасынан шығып, Майбасардың пәтеріне келе жатты. Терісінен ескен болымсыз жел лебі білінеді.

Күрең құнан шығырдың таңдайасы жылы-жұмсағы ас үйге әкетілді. Келген жұртты Майбасар үйге бастап, енді жайланып отырыспаққа бет алған кезде, қақпа ашылып, Қарабас кірді. (М. Әуезов)

2. Жалғаулық шылау туралы айтып, мағыналық қатынастарына қарай түрлерін жаз. Төмендегі жалғаулық шылауларға мысал келтір.

Әйткенмен, біресе, сондықтан, және.

3. «Ананың алды — ақ жайлау» деген тақырыпта ойтолғау жаз және ішінде жалғаулық шылаулар болсын, оны мағыналық қатынасына қарай ажырат.
